

Сауаттылық сапасыз қызметтен құтқарады



3-БЕТ

«Баланың бақытты мекені - отбасы»



6-БЕТ

Қара нотариус



8-БЕТ



• СҰХБАТ

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№87 (3716)
12 қараша 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТЕМЕКІ ШЕГЕТІНДЕР АЗАЙМАЙ ОТЫР



Ұлттық статистика бюросы шілде айында жүргізілген темекіні тұтыну бойынша зерттеудің қорытындысын жариялады. Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша 2020 жылдан бері жүргізілетін бұл зерттеудің мақсаты – темекі шегудің болжамды деректерін, сондай-ақ оны тұтынудың алдын алу мен бақылау туралы ақпарат алу.

(Соңы 3-бетте)

Жомарт ЕРМАҒАНБЕТ,
«Даму» қорының Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиалының директоры:

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ АҚЫСЫЗ»

– Жомарт Бегмағанбетұлы, сұхбатымызды өзіңіз қызмет ететін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының негізгі миссиясынан бастасақ. Өйткені оның қызметі өзге қорларға ұқсамайтыны және ешқашан, ешкімді тікелей қаржыландырмайтыны белгілі.

– Дұрыс айтасыз. «Даму» қоры мемлекеттік қаржы институты, мемлекет тарапынан микро, шағын және орта бизнеске қолдау бағдарламаларының операторы. Ол жан-жақты, тиімді құралдар енгізу арқылы елдегі микро, шағын және орта кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1997 жылы мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен құрылған. Ал қазір «Даму» қорының жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ. Елдің барлық өңірінде филиалы бар. Мекенжайын damu.kz сайтынан оқып, көруге болады.

– Қор кәсіпкерлерге қандай қолдау көрсетеді?

– Кәсіпкерлердің екінші деңгейлі банктерден бизнесін дамытуға алған несиесінің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялап, банк талап еткен кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда несиеге ішінара кепілдік береді.

– Шымкент қаласындағы өңірлік филиал қызметінің нәтижелері қалай?

– Шымкент қаласында 2010-2023 жылдар аралығында мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлер 11,2 мың жаңа жұмыс орнын ашты. Олар бюджетке 316 млрд теңге салық төледі. Ал биылғы жылдың басынан бері «Даму» қоры Шымкент қаласының шағын және орта кәсіпорындарының жалпы саны 1115 жобасына 56,8 млрд теңгеге қолдау көрсетті. Оның ішінде 684 жоба 45 млрд теңгеге субсидия, 431 жоба 11,8 млрд теңгеге кепілдік алды.

«Даму» қоры субсидиялау, кепілдік беру және жеңілдікті қаржыландыру құралдары арқылы ШОБ-қа қолдау көрсетеді. Субсидиялау кәсіпкерлерге несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендетуге және сәйкесінше ай сайынғы төлемдерін азайтуға мүмкіндік береді.

(Соңы 5-бетте)

• ТРЕНИНГ

«КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ» – ӘДІЛЕТТІЛІК ПРИНЦИПІ



Қызылорда облыстық сотында БҰҰ демократия қорының (UNDEF) қолдауымен сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының өкілдеріне арналған «Кінәсіздік презумпциясы» тақырыбында Қызылорда облыстық сотымен бірлескен каскадтық тренинг өткізілді.

2023 жылдың күзінен бастап мұндай каскадтық тренингтер Қазақстан соттарында өткізіле бастады. Сот жүйесінің өкілдері Конституциялық кепілдіктер – қылмыстық процестің принциптері, оның ішінде кінәсіздік презумпциясы бойынша оқытуды қолдап, насихаттап келеді. Кінәсіздік презумпциясы тек әділеттілік принципі ғана емес, сонымен бірге, әркімнің құқығы болғандықтан,

бұл құқықты соғыс, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар жағдайында да шектеуге тыйым салынады.

Тренингке Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс жүйесі арқылы, Қызылорда облысы прокурорының орынбасары М.Сарпеков, Қызылорда көлік прокуроры С.Сентжан, Қызылорда облысы ПД АБ бастығы Б.Капжан, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Е.Махамбетов, Экономикалық тергеп тексеру департаментінің басшысы А.Кенес, облыстық, қалалық, аудандық прокуратура өкілдері, Полиция департаментінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері және адвокаттар қатысты.

Сарапшылар ретінде заң ғылымдарының кандидаты, «Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестігінің директоры А.Ибраева, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының аға оқытушысы Н.Айбар, Қорқыт ата атындағы университеттің «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты Е.Алтаев, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өңірлік өкілі Д.Шәріпбаев қатысты.

(Соңы 2-бетте)

